

Баспасөз хабарламасы

Астана қ., 26 мамыр 2026 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ ішкі нарық үшін Қазақстан Республикасының магистральдық құбырлары арқылы қазақстандық мұнайды тасымалдау жөніндегі қызметке тарифтің өзгергені туралы хабарлайды: 2026 жылғы 1 маусымнан бастап бірыңғай бағыттау жөніндегі операторлық қызмет

«ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті Төрағасының 2026 жылғы 22 мамырдағы

№85-НҚ бұйрығына сәйкес ішкі нарық үшін Қазақстан Республикасының магистральдық құбырлары арқылы қазақстандық мұнайды тасымалдау жөніндегі қызметке тариф пен тарифтік смета бекітілгенін хабарлайды: бірыңғай бағыттау бойынша операторлық қызмет.

2026 жылғы 1 маусымнан бастап тариф бұрын қолданыста болған тарифпен салыстырғанда 3,21 теңгеге немесе 80% ұлғайып, 1 тоннаға (ҚҚС-сыз) 7,23 теңгені құрайды.

Тариф «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 5-тармағына сәйкес 2026 жылғы 1 маусымнан 2027 жылғы 31 мамырға дейінгі кезеңге бекітілді.

Анықтама үшін:

«ҚазТрансОйл» АҚ — «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобына кіретін магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор. Ұзындығы 5,2 мың км магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісіне ие және жалпы ұзындығы 5 мың км-ден асатын сырт ұйымдардың құбырларына қызмет көрсету бойынша операторлық қызметтер көрсетеді.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
жұртшылықпен байланыс
және ішкі коммуникациялар басқармасы**